

ӘЛЕМДІК
ЭКОНОМИКАДАҒЫ
ИНВЕСТИЦИЯЛАР
МЕН
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ
ӘРІПТЕСТІК.

Орындаған: Ханафина Дидар МЭ-31

ЖОСПАР:

- 1.Инвестиция түсінігі және олардың экономикадағы ролі.
- 2.Инвестициялық әріптестік және оның нысандары.

1.ИНВЕСТИЦИЯ ТҮСІНІГІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЭКОНОМИКАДАҒЫ РОЛІ.

- **Инвестиция** - табыс алу, меншікті капиталын молайту, елдің материалдық байлығы мен бейматериалдық сипаттағы қоғамдық құндылықтарын еселей түсу үшін шаруашылық жүргізуші субъектілер салатын қаражат.
- Дж. Кейнс өзінің “жұмыспен қамту, процент ақша туралы жалпы теория” еңбегінде инвестицияны “бағалы капиталды мүліктің негізгі, айналмалы, өтімді капиталдан құрылуына қарамастан оның өсуі” деп анықтама береді.

- Э.Дж.Долан және Д.Е.Мендсей өздерінің “Рыноктан микроэкономикалық үлгі кітабында инвестицияны экономикалық жүйедегі қызмет атқарып жатқан капиталдық” яғни адамдардың жасаған өндіріс құрал-жабдықтарының ұсынылған санының көлемінің көбейіп өсуі- деп анықтала береді.
- Варсей И. және Цовентлу Д. “Инвестиция” термині өте кең тараған. тұрмыстың дәрежеде инвестицияны үй, көркемөнер еңбектерін, асыл-әсемдік бұйымдарды сатып алу ретінде түсіндіріледі. Сонымен қатар инвестиция деп акция, облигация салынған затқа берілетін қарыздарды айтады. Кәсіпорындарда машиналарға қаржы, құрал-жабдықтар инвестицияланады- дейді.

- Инвестицияның күрделі қаржыдан өзгешелігі бар. Инвестицияда қаражат тек материалдық активтерге ғана салынбайды, қаржылық және бейматериалдық активтерге де салынады. Инвестиция қаржы институттары, инновациялық және әлеуметтік сала арқылы тікелей де, жанамалай да салынады. Инвестиция өзінің құрамы жағынан біртекті емес, инвестициялау нысандарына, айналыс өрісіне, негізгі капиталдың ұдайы өндірісіндегі мақсатына, рөліне, қаржыландыру көздеріне қарай **негізгі капиталға салынатын инвестиция, шетелдік инвестиция, қоржындық инвестиция** түрлеріне бөлінеді.

- Негізгі капиталға салынатын инвестиция - құрылысқа, материалдық, бейматериалдық негізгі капиталды салуға, ұлғайтуға, қайта жаңғыртуға, техникалық жағынан қайта жарақтандыруға, күрделі жөндеуден өткізуге, сатып алуға, сондай-ақ, материалдық айналыс құралдарының қорларын толықтыруға жұмсалатын қаражат. Негізгі капиталды инвестициялау нысандарына үйлер, ғимараттар, машиналар мен жабдықтар, мал, екпе ағаштар, жер қойнауын барлау, компьютерлік және бағдарламалық қамтамасыз ету, көркем және әдеби шығармалардың түпнұсқалары, жаңа үйлер және жаңа ақпарат жатады [1].
- Негізгі капиталға салынатын инвестиция елдің экономикалық өрлеуінің негізгі факторы болып табылады.

- *Инвестициялар деп* - өнеркәсіпке, құрылысқа, ауыл шаруашылығына және өндірістің басқа да салаларындағы шаруашылық субъектісіне мүліктей, заттай сондай-ақ ақша қаражаты түрінде , яғни капитал түрінде салынып ол шаруашылықты әрі қарай өркендетіп дамыту үшін жұмсалынатын шығындардың жиынтығын айтады.
- *Инвестиция дегеніміз* - бүгінгі күні қолда бар ақшаны, мүлікті және басқа да заттарды, яғни капиталды қандай да бір өндірісті дамыту үшін жұмсап, сол арқылы келешекте, яғни алдағы уақытта пайыз түрінде немесе басқадай үлкен кәсіпкерлік табыс табу болып табылады


- *Нақты инвестиция* дегеніміз - шаруашылық субъектісіндегі белгілі бір материалдық, өндірістік қорлардың, яғни активтердің (жер, жабдық, құрылыс) өсуіне, дамуы жұмсалану үшін салынатын салымдар болып табылады.
- *Қаржылық инвестиция* дегеніміз - акционерлік қоғамдар немесе мемлекет шығарған акцияларға, облигациялар және басқадай құнды қағаздарға банктердің депозиттерін салынған салымдар болып табылады.
- Қаржылық инвестициялар иелену мерзіміне қарай мынадай категорияларға жіктеледі:
 - а) қысқа мерзімдік иелену - иелену мерзімі бір жылға дейін;
 - ә) ұзақ мерзімдік - иелену мерзімі бір жылдан артық;

- Инвестициялық саясат дегеніміз - халық шаруашылығының әр түрлі салаларында пайда табу мақсатымен ұзақ мерзімді капитал жұмсау саясаты. Күрделі қаржыны тиімді пайдаланудың, оларды шешуші бағыттарға шоғырландырудың, қоғамдық өндірісте тепе- теңдікті қамтамасыз етудің жолдарын көрсететін шаруашылық шешімдерінің жиынтығы. Егер инвестициялық саясат дұрыс шешілсе, әрбір шығындалған теңгеге келетін ұлттық табыстың мөлшері өседі, өнім молаяды

2.ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ӘРІПТЕСТІК ЖӘНЕ ОНЫҢ НЫСАНДАРЫ.

- Экономикалық теорияның категориясы ретінде инвестиция - бұл табыс алу мақсатымен оның физикалық (материалды-заттық) және ақшалай түрінде өндіріс процесстерінің материалды мен материалды емес байлықтарға капиталдың құралды және құралды емес салымдары. Егерде инвестициялар инвестициялау процесстеріне енгізілмеген болса, олар қандай да бір экономикалық тиімділікті қамтамасыз етпейді. Инвестициялық процесстің экономикалық мәні инвестициялы ресурстардың материалды және қоғамдық байлықтарға айналуынан тұрады.

- Инвестициялау процессін мынандай схема түрінде сипаттауға болады: «инвестициялық ресурстар - өндіріс факторлары - инвестициялық қызмет өнімі». Бірінші кезеңде инвестициялық ресурстар кәсіпкерлік инициатива және басқарушылы арқылы өндіріс факторына айналады. Қазақстан ғалымдарының зерттеулерін сүйене отырып инвестициялар белгілер бойынша бөлінеді (Сурет 1).



КАПИТАЛҒА КІМ ИЕ ЕКЕНДІГІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ИНВЕСТИЦИЯЛАР БЫЛАЙ БӨЛІНЕДІ:

- мемлекеттік инвестициялар - экономикалық процесстердің, әлеуметтік аяның дамуы мен қолдауына бағытталған мемлекетте және жергілікті бюджет және басқа да мемлекеттік қаржылық көздерінің құрал түріндегі ЖҰӨ-ң бөлігі;
- жеке инвестициялар - акционерлік немесе жеке капитал түріндегі мемлекеттік емес салымдар құралы;
- Капиталдың салынған саласына байланысты инвестициялар былай бөлінеді:
- нақты (өндірістік) инвестициялар - құн өсуін қамтамасыз ететін және өндірістің қосылған құн құралын құрайтын өндірістік саяға салынған құралсыз салымдар;
- қаржылық инвестициялар - қаражаттың әр түрлі қаржылық құралдарға салым;
- материалдық емес активтерге салынған инвестициялар;
- адам капиталына салынған инвестициялар

- Инвесторлар стратегиялық және портфельдік болып бөлінеді. 50 пайыз плюс бір акциясы бар стратегиялық инвестор қожайын боламын деп үміттенеді. Барлық үміт стратегиялық инвесторда, себебі ол мүдделі, қаржыны салған да және ол қауіп-қатерді азайтуға тырысады, мемлекет де оған сенім артады. Портфельдік инвестордың үміттерге стратегиялық инвесторда болады. Портфельдік инвестор үшін акция - пайданы бөлісуге қатысудың мүмкіндігі болып табылады. Осыған байланысты мемлекет стратегиялық инвесторға тәуелсіз немесе соның атына өз акция пакетін бере алады.

- Портфельдік инвесторға - инвестициялық қорларға - 51 пайыз жұмыскерлерге он пайыз, қалғаны стратегиялық инвесторларға. Портфельдік инвестицияны дамыту үшін жарнамалық немесе ашықтық, өтімділік және жергілікті органдарға: банктерге, заңдарға деген сенім қажет, сондай-ақ ашықтық - ақпараттар инвесторларға дер кезінде жетіп отырылулары тиіс. Нарықтық ақпарат және компаниялардағы кәсіпорындардың есеп берушлуктері өте сенімді болуы тиіс.

ИНВЕТОР БОЛЫП:

- мемлекеттік және белгілі аумақтың мүліктерге немесе мүліктің құқыққа ие мекемелер;
- азаматтар, соның ішінде шетелдік тұлғалар;
- кәсіпорын, кәсіпкерлік бірлестік және басқа заңды тұлғалар, оның ішінде шетелдік заңды тұлғалар, мемлекеттік және халықаралық ұйымдар;

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТІҢ ЕКІНШІ ҚАТЫСУШЫСЫ БОЛЫП ТАПСЫРЫС БЕРУШІ ЕСЕПТЕЛЕДІ.

- Тапсырыс беруші инвесторлар және инвестициялық жобаны үш есе асыруға инвесторлармен куәландырылған рұқсат берген кез келген заңды және қабілетті тұлға бола алады. Бұл жағдайда тапсырыс беруші егер басқадай мәселелер олар - арасында шартты қаралмаса инвестициялық жобаның басқа кәсіпкерлік және басқа қатысушылар ісіне араласуына болмайды.
- Егер тапсырыс беруші инвестор болмаса инвестиция мен мүліктерді иемдену, пайдалану, басқару үлесі құқығын шартты көрсетілген кезең күші бар заң көлемінде бөлісіп қолданады.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ПРОЦЕСКЕ ҮШІНШІ ҚАТЫСУШЫЛАР -

- инвестициялық қызметтің объектілерін пайдаланушылар. Олар инвестиция қызмет объектерін пайдаланушы инвестролармен қатар басқа жеке заңды тұлғалар, мемлекеттік және жергілікті мекемелер, шетелдік мемлекет, халықаралық ұйымлар болады

- Инвестициялық қызметтің объектілері: барлық салалар мен халық шаруашылығы көлеміндегі жаңадан және жетілдірілген негізгі қорлар мен айналмалы қаржылар, бағалы қағаздар, мақсатты ақша салымдары, ғылыми-техникалық өнімдер, меншікті басқа объектілері, сонымен қатар мүліктің құқық пен интеллектуалды меншік құқығы, яғни заңмен тиым салынбаған қызметтің барлық түрі есептеледі.
- Нақтылап қарағанды экологиялық санитарлы және де басқа заңмен бекітілген талаптарға сәйкес келмейтін объектілерді инвестициялауға тиым салынады. Басқаша айтқанда азаматтар мен заңды тұлғаларға мемлекетке зиян келтіруге тиым салынады.

БІЗДІҢ ОЙЫМЫЗША ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ МЫНАДАЙ НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕРГЕ СӘЙКЕС ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫ ТИІС.

- өмірде қолданылып жатқан заңға қайша келмейтін инвестициялық қызметке заңды тұлғалар мен азаматтар, қоғамдық ұйымдардың басқармалары мен мемлекеттік билік мекемелері кедергі жасап араласпауы керек;
- инвестициялаудың өз еркімен болуы;
- меншік және қызмет түрлеріне қарамастан;
- инвестициялық қызметке қатысушылардың тең құқығы;
- инвестициялық қорғалуы;
- инвестициялық қызметті жүзеге асыру жолдарын еркін заңдауға;
- инвестициялық қызметті жүзеге асырудағы азаматтар мүддесі мен құқығын бұзбай сақтау.

- Инвестициялық қызмет инвестор арқылы жүзеге асырылады. Инвестор объектерін, бағыттарын, инвестициялық көлемі мен тиімділігін өз еркімен алынады. Сонымен қатар инвестицияны жүзеге асыруда өзіне қажетті, қабілетті, заңды тұлғаларды шартты немесе көбіне конкурсты әдіспен қызметке алуға құқығы бар. Инвестордың инвестицияға өкілдігі мен тың нәтижесін шарт арқылы жеке заңды тұлғаға және де мемлекеттік және жергілікті мекемелерге заңды белгіленген тәртіп бойынша бере алады.
- Инвестор инвестиция объектерін және нәтижесін иемденуге, пайдалануға және басқаруға құқығы бар. Сонымен қатар сауда қызметтерін жүргізуге әртүрлі кәсіпорындарға қайта және қосымша капитал салуға, бағалы қағаздар және капитал қосудың басқа түрлеріне яғни Қазақстан Республикасы территориясында алынған табысқа құқығы бар.

- Инвестициялық қызметтер субъектілері арасындағы қатынас олардың өздері арасындағы жасалған шарт бойынша анықталады. Шарт инвестициялық қызметтегі субъектілер арасындағы өндірістік-шаруашылық және басқа қызметтерді реттейтін ең басты құжат болып саналады. Бұл жерде мемлекеттік мекемелердің араласуына жол бермейді. Шарт өз қызметін инвестициялық қызметтің бүкіл мерзімінде күшін жоймайды. Егер шартты жасасып болғаннан кейін серіктестер жағдайын нашарлататын заң тәртібінде өзгерістер пайда болған жағдайда шартты өзгертуге болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

- Аманбаев Ү.А. Кәсіпорын экономикасы: Оқу құралы.- Алматы:Бастау, 2012.-427б.
- Мыңатаев М.М. Нарық жағдайындағы кәсіпорын экономикасы: Оқу құралы.-Алматы:Экономика, 2011.-204б.
- Нарғозиев І.Ж. Кәсіпорын экономикасы: Оқу құралы.- Алматы:Экономика,2010.-381б.
- Кадрова Н.Н. Инвестицияларды қаржыландыру және несиелеу: Оқулық.-Алматы: Print-S, 2011-570б.
- Асилова А.С. Инвестицияларды қаржыландыру және несиелеу: Алматы:Экономика, 2011.-279б.
- 6. Қазақстан Республикасының инвестициялық қызметі: Мәтін.-2007-2011ж. стат. жинақ.-Астана: ҚР статистика агенттігі.-2012ж.
- Ажиханов Б.Б. Инвестицияларды қаржыландыру және несиелендіру.- Алматы: ҚазҚҚА, 2010.-68б.